

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 23 маусым N 395-І

Алматыда 1997 жылғы 11 қарашада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі
арасындағы еркін сауда туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 3, 33-құжат)
(1999 жылғы 16 шілдеде күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 81 бет)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі,
өзара экономикалық ынтымақтастықты еркін дамытуды ұстанатындықтарын растай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Грузияның қалыптасқан интеграциялық экономикалық байланыстарын ескере отырып,

тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің еркін қозғалысы өзара келісілген шараларды жүзеге асыруды талап ететінін тани келіп,

Қазақстан Республикасы мен Грузияның Тарифтер және сауда жөніндегі Бас келісімнің (ТСБК) және Бүкілдүниежүзілік Сауда ұйымының (БСҰ) принциптерін ұстанатындықтарын растай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

Тараптар тең құқық, өзара тиімділік және мүдделілік принциптерін басшылыққа ала отырып Тараптар мемлекеттерінде қолданылып жүрген заң актілерін сақтай отырып, тікелей шаруашылық байланыстар негізінде меншік нысанына қарамастан шаруашылық қызметі субъектілері арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамытатын және кеңейтетін болады.

Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа экономикалық нұқсан келтірерлік әрекеттерге бармайтын болады.

2-бап

1. Тараптар кедендік ресімдеу үшін алымдарды қоспағанда барабар әрекеті бар кеден баждарын, салықтар мен алымдарды, сондай-ақ Тараптардың бірінің кеден аумағында шығарылған және екінші Тараптың кеден аумағы үшін арналған тауарлардың экспорты және/немесе импортына сандық шектеулер қолданбайды. Келісілген тауарлар номенклатурасы бойынша осы сауда режимінен алулар жыл сайын Хаттамамен ресімделеді.

2. Тараптар осы баптың 1-тармағына сәйкес жыл сайын еркін сауда режимінен алулардың жалпы тізбесін, сондай-ақ мұндай алуларды қолданудың әдістерін әзірлеп келіседі.

3. Осы келісімнің мақсаттары үшін және оны қолдану кезеңінде Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарынан шығарылған тауарлар деп халықаралық нормаларға сәйкес шығарылған елді айқындау тәртібінде белгіленген тауарлар түсініледі.

3-бап

Әр тарап:

осы келісімнің әрекетіне түсетін тауарларды ішкі өндірістің немесе үшінші елдерде шығарылған осындай тауарларға салынатын тиісті салықтардан немесе алымдардан асатын ішкі салықтар мен алымдарды тікелей немесе жанама салмайтын;

екінші Тараптан шығарылған тауарларды орналастыру, қайта тиеу, сақтау, тасымалдау, сондай-ақ төлемдер мен аударымдар қатысында өз тауарлары немесе үшінші тараптан шығарылған тауарлар қатысында осындай жағдайларда қолданылатын өзге ережелер қолданбайтын болады.

4-бап

Тараптар өзара саудада осы Келісімнің шеңберіндегі тауарлардың экспорты және/

немесе импортына құқығын шектейтін шараларды, сандық шектеулер немесе оған барабар шараларды қолданудан бейтарап қалады.

Тараптар біржақты тәртіппен сандық немесе өзге де арнайы шектеулер, бірақ есті шектерде және қатаң белгіленген мерзімге белгілеуі мүмкін.

Осы шектеулер ерекше сипатта болуы және ТСБК/ДСҰ шеңберіндегі келісімдермен көзделген жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін.

Осы бапқа сәйкес сандық шектеулер қолданатын Тарап аталған шектеулерді енгізудің себептері, нысандары мен қолданылатын мерзімдері туралы толық ақпаратты мүмкіндігінше алдын ала екінші Тарапқа беруге тиіс, осыдан кейін консультациялар тағайындалады.

Осы баптың бірінші абзацында айтылған сандық шектеулер сондай-ақ Тараптардың өзара уағдаластықтары бойынша белгіленуі және Хаттамамен ресімделуі мүмкін.

5-бап

Тараптар екінші Тараптың шығарылған осы тауарлардың экспорты қатысында тауарларды қайта экспорттауға жол бермейтін болады, тарифтік және/немесе тарифтік емес реттеу шараларын қолданбайтын болады.

Тараптар тарифтік және/немесе тарифтік емес реттеу шараларын қолданылатын тауарлардың тізімімен алмасады.

Осындай тауарларды үшінші елдерге қайта экспорттау осы тауарлар шығарылған ел болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органының жазбаша келісімімен және ол белгілеген шарттарда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Осы ереже орындалмаған жағдайда мүдделері бұзылған Тарап санкцияланбаған кері экспорттауға жол берген екінші Тарап мемлекетінің аумағына әкетуді реттеу жөніндегі шараларды енгізуге бір жақты тәртіпте енгізуге құқылы. Санкцияланбаған кері экспорттау жағдайында тауарлар шығарылған ел келтірілген зиянды өтеуді талап етуі және санкциялар қолдануы мүмкін.

Осы бапта кері экспорт деп бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан шығарылған тауарды үшінші елге экспорттау мақсатымен екінші Тараптың өз мемлекетінің кеден аумағынан әкетуі түсініледі.

6-бап

Тараптар арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі барлық есеп айырысулар мен төлемдер тараптардың уәкілетті банктері арасында есеп айырысуларды ұйымдастыру жөніндегі Банкаралық келісімге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

7-бап

Тараптар экономикалық қызметпен, оның ішінде кеден статистикасын қоса алғанда сауда, инвестициялар, салық салу, банк және сақтандыру қызметінің, өзге де қаржы қызмет көрсетулер мәселелері, көлік және кеден мәселелері бойынша заңдар мен басқа да нормативтік актілер туралы ақпаратпен тұрақты негізде алмасатын болады.

Тараптар бір-біріне осы Келісімді орындауға әсер етуі мүмкін ұлттық заңдардағы өзгерістер туралы дереу хабарлайды.

Тараптардың уәкілетті органдары мұндай ақпаратпен алмасудың тәртібін келіседі. Осы Келісімнің ережелері:

кез-келген Тараптың құзыретті органдарын заң бойынша немесе Тараптардың бірінің кәдімгі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпаратты алуды міндеттемейді;

Тараптың мемлекеттік мүддесіне қайшы келетін қайсыбір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіп, коммерциялық немесе кәсіби құпияны ашатын ақпарат беру үшін негіз болмайды.

8-бап

Тараптар теріс пиғылды іскерлік тәжірибені осы Келісімнің мақсаттарымен сыйымсыз деп таниды және атап айтқанда, ерекше бір жағдайларда да оның мына әдістеріне жол бермеуге міндеттенеді:

бәсекеге кедергі келтіру немесе оны шектеу немесе Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында оған арналған жағдайларды бұзу мақсаты бар кәсіпорындардың бірлестігі қабылдаған кәсіпорындар арасындағы шарттар мен іскерлік тәжірибенің жалпы әдістеріне;

Тараптар мемлекеттерінің барлық немесе недәуір бөлігінде бәсекені шектей отырып оның көмегімен бір немесе бірнеше кәсіпорындар өзінің үстем жағдайын пайдаланатын іс-қимылдарға.

9-бап

Тараптар екіжақты экономикалық қатынастарды тарифтік және тарифтік емес реттеудің шараларын жүзеге асырған кезде статистикалық ақпаратпен алмасу, кедендік рәсімдерді жүргізу үшін Еуропа экономикалық қауымдастығының тауарларды сипаттау мен кодтаудың Үйлестірілген жүйесіне және Қисынды тариф-статистикалық номенклатураға негізделген Дүниежүзілік сыртқы экономикалық қызметтің тоғыз таңбалы бірыңғай тауарлық номенклатурасын пайдаланатын болады. Тараптар бұл ретте қажет жағдайда Тауарлық номенклатураны тоғыз таңбадан тыс дамытуды жүзеге

асырады.

Тауарлық номенклатураның эталондық данасын енгізу тиісті халықаралық ұйымдарда бар өкілдіктер арқылы өзара келісілген негізде жүзеге асырылады.

10-бап

Тараптар еркін транзиттеу принципін сақтау осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізудің аса маңызды шарты және олардың еңбекті халықаралық бөлісу мен кооперациялаудың жүйесіне қосылу процесінде елеулі элемент болып табылатынына келісті.

Әр Тарап осыған байланысты екінші Тараптың және/немесе үшінші елдің мемлекетінің кеден аумағынан шығарылған және екінші Тараптың немесе кез-келген үшінші елдің кеден аумағы үшін арналған тауарлардың өз мемлекетінің аумағы арқылы еркін транзиті үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді және экспорттаушыларға, импорттаушыларға немесе тасымалдаушыларға, өз экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе кез-келген үшінші мемлекеттің экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе тасымалдаушыларына ұсынылатын құралдар мен қызмет көрсетулерді өз экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе кез-келген үшінші мемлекеттің импорттаушыларына немесе тасымалдаушыларына ұсынылатын шарттардан еш кем түспейтін шарттармен барлық қолда бар және қажетті құралдар мен қызмет көрсетулерді ұсынатын болады.

Тараптардың аумақтары бойынша жүктерді өткізу тәртібі мен шарттары тасымалдаудың халықаралық Ережелеріне сәйкес реттеледі.

11-бап

Осы Келісім Тараптардың кез-келгенінің өзінің өмірлік мүдделерін қорғау немесе ол қатысушы болып табылатын немесе қатысу ниеті бар халықаралық шарттарды орындау үшін егер бұл шаралар:

- ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне;
- қару-жарақ, оқ-дәрі және әскери техниканы сатуға;
- қорғаныс қажеттімен байланысты өндірістер үшін зерттеулерге;
- ядролық өнеркәсіпте пайдаланылатын материалдар мен жабдықтарды беруге;
- қоғамдық мораль мен қоғамдық тәртіпті қорғауға;
- өнеркәсіптік немесе интеллектуалдық меншікті қорғауға;
- алтынға, күміске немесе өзге де бағалы металдар мен тастарға;

адамдардың өмірі мен қоршаған ортаны қорғауға қатысты болса ол сөзсіз қажет деп санайтын халықаралық тәжірибеде жалпы қабылданған шараларды қабылдау құқығына кедергі келтірмейді.

12-бап

Тараптар үшінші елдер қатысында экспорттық бақылаудың келісілген саясатын жүргізу мақсатында ұдайы консультациялар өткізетін және экспорттық бақылаудың тиімді жүйесін құру үшін өзара келісілген шаралар қолданатын болады.

13-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар арасында бұрын жасалған екіжақты келісімдердің ережелерін соңғылар біріншімен қалайда сәйкес немесе олармен бірдей шамада алмастырады.

14-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсінуге немесе қолдануға қатысты даулар келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Тараптар өзара саудадағы даулы жағдайлардан қашқақтауға ұмтылатын болады.

Әр Тарап өз аумағында төрелік соттың шешімдерін тану және орындау жөніндегі тиімді құралдар болуын қамтамасыз етеді.

15-бап

Қажет жағдайда осы Келісімге Тараптардың келісім бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16-бап

Қазақстан Республикасынан Грузияға экспортталатын тауарлардың тізбесі қажеттік кезде анықталатын болады.

2-бап

1. Тараптар осы Хаттаманың 1-бабына сәйкес еркін сауда режимінен алулар таратылатын тауарлар қатысында:

- мұндай салықтар мен алымдар салудың әдістерін қоса алғанда экспорт кезінде салынатын салықтар мен алымдар (N 1 қосымша аталған тауарлар қатысында);

- транзитке, тасымалдауға, орналастыруға, қайта тиеуге және осындай қызмет көрсетулерге қатысты ережелерге;

- төлем әдістері мен төлемдерді аударуға;

- импорттық лицензиялар беруге;

- тауарларды ішкі рынокта сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, таратуға және пайдалануға қатысты ережелерге қатысты бір-біріне аса қолайлы режим ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері:

- кез-келген Тараптың Кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құру

мақсатымен немесе мұндай одақ немесе аймақ құру нәтижесінде үшінші елдерге ұсынылатын артықшылықтарға;

- Тараптардың заңдарына сәйкес дамушы елдерге ұсынылатын артықшылықтарға;

- шекара маңындағы сауданы оңайлату мақсатында көршілес елдерге ұсынылатын артықшылықтарға;

- Тараптардың бір-біріне арнайы келісімдерге сәйкес ұсынатын артықшылықтарға қолданылмайды.

3-бап

Тараптар өзара саудада тауарларды кедендік ресімдеу сәтіне олардың Тараптар мемлекеттерінің кеден аумағына/нан экспорты-импорты кезінде қолданылып жүрген тауарлардың (жұмыстар мен қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау және квоталау туралы олардың заңдарын сәйкес тарифтік емес реттеу шараларының қолданылуын сақтайды.

4-бап

1. Осы Хаттама Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия

Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және аталған Келісіммен біруақытта күшіне енеді.

2. Осы Хаттама Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы Еркін сауда туралы келісімнің 2-бабында көзделген жаңа Хаттама жасалған кезеңге дейін қолданылады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 11 қарашада әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі
үшін

Грузия Үкіметі

үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Нарбаев Е.Ә.